

EXPERT

EXAL18V2-320



Powered by



Еуразия экономикалық одағына (Кеден одағына) мүше мемлекеттер аумағында қолданылады

Өндірушінің өнім үшін қарастырған пайдалану құжаттарының құрамында пайдалану жөніндегі осы нұсқаулық, сонымен бірге қосымшалар да болуы мүмкін.

Сәйкестікті растау жайлы ақпарат қосымшада бар.

Өнімді өндірген мемлекет туралы ақпарат өнімнің корпусында және қосымшада көрсетілген.

Өндірілген мерзімі бұйым корпусында көрсетілген.

Импорттерге қатысты байланыс ақпарат өнім қаптамасында көрсетілген.

Өнімді пайдалану мерзімі

Өнімнің қызмет ету мерзімі 7 жыл. Өндірілген мерзімнен бастап (өндіру күні зауыт тақтайшасында жазылған) істетпей 5 жыл сақтағаннан соң, өнімді тексерусіз (сервистік тексеру) пайдалану ұсынылмайды.

Қызметкер немесе пайдаланушының қателіктері мен істен шығу себептерінің тізімі

- тұтқасы мен корпусы бұзылған болса, өнімді пайдаланбаңыз
- өнім корпусынан тікелей түтін шықса, пайдаланбаңыз
- тоқ сымы бұзылған немесе оқшаулаусыз болса, пайдаланбаңыз
- жауын – шашын кезінде сыртта (далада) пайдаланбаңыз
- корпус ішіне су кірсе құрылғыны қосушы болмаңыз
- көп ұшқын шықса, пайдаланбаңыз
- қатты діріл кезінде пайдаланбаңыз

Шекті күй белгілері

- тоқ сымының тозуы немесе зақымдануы
- өнім корпусының зақымдалуы

Қызмет көрсету түрі мен жиілігі

Әр пайдаланудан соң өнімді тазалау ұсынылады.

Сақтау

- құрғақ жерде сақтау керек
- жоғары температура көзінен және күн сәулелерінің әсерінен алыс сақтау керек
- сақтау кезінде температураның кенет ауытқуынан қорғау керек
- орамсыз сақтау мүмкін емес
- сақтау шарттары туралы қосымша ақпарат алу үшін MEMCT 15150-69 (шарт 1) құжатын қараңыз

Тасымалдау

- тасымалдау кезінде өнімді құлатуға және кез келген механикалық ықпал етуге қатаң тыйым салынады
- босату/жүктеу кезінде пакетті қысатын машиналарды пайдалануға рұқсат берілмейді.
- тасымалдау шарттары талаптарын MEMCT 15150-69 (5 шарт) құжатын оқыңыз.

Қауіпсіздік нұсқаулары



Барлық қауіпсіздік нұсқаулықтарын және ескертпелерді оқыңыз.

Техникалық қауіпсіздік нұсқаулықтарын және ескертпелерді сақтамау тоқтың соғуына, өрт және/немесе ауыр жарақаттануларға алып келуі мүмкін.

Осы нұсқаулықты толық орындаңыз.

Зарядтау құралын тек барлық қызметтерін толық бағалап, оларды орындай алатыныңызға сенімді болғанда немесе тиісті нұсқаулықтарды алғаннан соң пайдалану керек.

- Бұл зарядтау құралы балалардың, дене немесе ой қабілеттері шектелген, тәжірибесі және білімі аз адамдардың пайдалануына арналмаған. Осы зарядтау құралымен 8 жастан асқан балалардың және дене, сезім, ойлау қабілеттері шектелген не тәжірибесі мен білімі аз адамдардың жүйені қауіпсіз пайдалану туралы нұсқаусыз және жауапты адамның бақылауынсыз пайдалануы аса қауіпті.

Кері жағдайда дұрыс пайдаланбау және жарақаттанулар қаупі пайда болады.

- Пайдалану, тазалау және қызмет көрсету кезінде балаларға мұқият болыңыз. Балалардың зарядтау құралымен ойнамауына көз жеткізіңіз.

- Тек Bosch литий-иондық аккумуляторларын немесе AMPShare серіктесі ұсынған аккумуляторларды (минималды қуаты 1,3 А-сағ) зарядтаңыз. Аккумулятор кернеуі зарядтағыш құрылғының аккумуляторды зарядтау кернеуіне сәйкес келуі қажет. Қайта зарядталмайтын аккумуляторларды зарядтамаңыз. Кері жағдайда өрт немесе жарылыс қаупі пайда болады.



Зарядтағыш құрылғыны тек жабық үй-жайларда пайдаланыңыз және оны ылғалдан алшақ ұстаңыз. Зарядтағыш құрылғының ішіне су кірсе, ток соғу қаупі артады.

- Зарядтау құралын таза ұстаңыз. Құралдың ластануы ток соғуы қаупін туындатады.

- **Әр пайдаланудан бұрын радио зарядтағышты, соның ішінде кабель мен ашаны тексеріңіз. Зақымдар байқалған жағдайда, зарядтағыш құрылғыны пайдаланбаңыз. Зарядтағыш құрылғыны өз бетінше ашаңыз, оны тек Bosch немесе өкілетті қызмет көрсету орталықтары түпнұсқа қосалқы бөлшектермен ғана жөндеуі тиіс.** Зақымдалған зарядтағыш құрылғылар, кабельдер және ашалар ток соғу қаупін арттырады.
- **Зарядтау құралын қосулы күйде оңай жанатын беттердің (мысалы, қағаз, мата және т.б.) үстіне қоймаңыз немесе жанғыш заттардың жанында пайдаланбаңыз.** Зарядтау кезінде зарядтау құралының қызуы себебінен өрт қаупі пайда болады.
- **Зарядтау құралының саңылауын жаппаңыз.** Әйтпесе зарядтау құралы қызып, дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- **Тек өндіруші сипаттаған зарядтағышмен қайта зарядтаңыз.** Батарея жинағының бір түріне сай зарядтағыш басқа батарея жинағымен қолдануда өрт қаупіне адып келуі мүмкін.
- **Акумулятор зақымданған немесе оны дұрыс пайдаланбаған жағдайда бу шығуы мүмкін.** Бұл жағдайда ішке таза ауа кіргізіңіз және шағымдар болса, медициналық көмек алыңыз. Булар тыныс алу жолдарын тітіркендіруі мүмкін.
- **Дұрыс емес пайдалануда батареядан сұйықтық ағуы мүмкін, оған тимеңіз. Егер тиіп қалсаңыз, сумен шайып тастаңыз. Егер сұйықтық көзге тисе дәрігерге хабарласыңыз.** Батареядан шаққан сұйықтық қозу немесе күйіктерге алып келуі мүмкін.



Бұл зарядтағыш құрылғыда функциялық мақсаттарға ғана арналған жерге тұйықтау қосылымы бар.


Өнім және қуат сипаттамасы

Тағайындалу бойынша қолдану

Зарядтағыш құрылғы қайта зарядталатын Bosch литий-иондық аккумуляторларын немесе AMPShare серіктесінің аккумуляторларын зарядтауға арналған.

Көрсетілген компоненттер

Көрсетілген құрамдас бөлшектердің нөмірлері суреттердегі зарядтағыш құрылғының көрсетіліміне қатысты болып келеді.



- (1) Зарядтау науасы
- (2) Басқару панелі
- (3) Күй индикаторы
- (4) Active Air Cooling индикаторы
- (5) Long Life зарядтау режимінің индикаторы
- (6) Power Boost зарядтау режимінің индикаторы
- (7) Стандартты зарядтау режимінің индикаторы
- (8) MODE түймесі
- (9) Заряд деңгейінің индикаторы
- (10) Қабырға ілгіші
- (11) Сақтандырғыш ысырма
- (12) Кабель шығысы

Техникалық мәліметтер

Зарядталу құралы	EXAL18V2-320
Қорғаныс класы	□ / II
Макс. зарядтау тогы (әр зарядтау науасында)	32 A (16 A)
Аккумулятордың зарядтау кернеуі (кернеуді автоматты түрде анықтау)	18 V $\overline{\text{---}}$
Салмағы ^{A)}	2,2 кг

A) Желілік қуат сымынсыз және қуат ашасынсыз салмағы

Мәндер өнімге байланысты өзгешеленуі мүмкін, сондай-ақ пайдалану және қоршаған орта шарттарына бағынуы мүмкін. Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша қараңыз: www.bosch-professional.com/wac.

Зарядтау процесі

- **Желілік кернеуге назар аударыңыз!** Ток көзінің кернеуі зарядтағыш құрылғының фирмалық тақтайшасындағы мәліметтерге сәйкес келуі керек.

❗ Зарядтау науасы (1) мен аккумулятор контактілерінде қатты кірдің жоқ екенін тексеріңіз. Аккумулятордың толығымен қосылғанына көз жеткізіңіз.

Зарядтау процесі зарядтау құрылғысының қуат ашасын розеткаға жалғанғанда және аккумулятор зарядтау науасында **(1)** салынған бойда басталады.

(i) 2 зарядтау науасы бір-бірінен тәуелсіз зарядталады.

(i) Зарядтау әрекетін, аккумулятор температурасы рұқсат етілген зарядтау температураларының диапазонында болғанда ғана орындауға болады:

- **GBA 18V...** : 0°C ... 45°C
- **EXBA18V...** : –10°C ... 55°C

Интеллектуалды зарядтау процесі арқылы аккумулятор зарядының деңгейі автоматты түрде анықталып, аккумулятор температурасы мен кернеуіне және таңдалған зарядтау режиміне байланысты оңтайлы зарядтау тогымен зарядтау орындалады.

Пайдалану мерзімінің айтарлықтай қысқаруы аккумулятордың ескіргенін және ауыстыру керектігін білдіреді.

Үздіксіз немесе көп реттік зарядтаулардан соң зарядтау құралы қызып кетуі мүмкін. Бұл қауіпті емес және зарядтау құралында техникалық ақау барын білдірмейді.

Зарядталу уақыты

Төмендегі кестеде аккумулятор түріне және зарядтау режиміне байланысты қажетті заряд деңгейіне жету үшін минуттармен қанша уақыт кететіні көрсетілген. Зарядтау уақыты өзгешеленуі мүмкін. Бұл туралы қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша қараңыз:

www.bosch-professional.com/wac.

Power Boost зарядтау режимі

Төмендегі зарядтау уақытының мәндері бір аккумулятор немесе бірге зарядталып жатқан екі аккумулятор үшін жарамды.

Аккумулятор		
		
2x EXBA18V-40	≈ 9	≈ 30
2x EXBA18V-55	≈ 11	≈ 31
2x EXBA18V-80	≈ 16	≈ 39
2x EXBA18V-150	≈ 27	≈ 60



≈ 50% заряд деңгейіне сәйкес келеді



толық заряд деңгейіне сәйкес келеді

Стандартты зарядтау режимі

Төмендегі зарядтау уақытының мәндері бір аккумулятор немесе бірге зарядталып жатқан екі аккумулятор үшін жарамды.

Аккумулятор	
2x EXBA18V-40	≈ 37
2x EXBA18V-55	≈ 35
2x EXBA18V-80	≈ 46
2x EXBA18V-150	≈ 60



толық заряд деңгейіне сәйкес келеді

Зарядтау әдісі

Аккумуляторларды зарядтау үшін 3 түрлі зарядтау режимін таңдай аласыз. Келесі зарядтау режимі арасында ауысу үшін MODE түймесін **(8)** басыңыз:

- Стандартты зарядтау режимі
- Power Boost зарядтау режимі
- Long Life зарядтау режимі

Тиісті белгі басқару панелінде **(2)** жанады.

Стандартты зарядтау режимі



Аккумулятор стандартты жылдамдықпен толығымен зарядталады. Стандартты зарядтау режимі зарядтағыш құрылғыда алдын ала орнатылған. Стандартты зарядтау режиміндегі зарядтау уақытының мәндерін кестеден қараңыз: (қараңыз „Зарядталу уақыты“, Бет 4) Стандартты зарядтау режимінің индикаторы **(7)** зарядтау барысында жанып тұрады.

Power Boost зарядтау режимі

2x EXBA18V...	-40	-55	-80	-150
Power Boost  ≈ 50%	9 min	11 min	16 min	27 min
Power Boost  ≈ 100%	30 min	31 min	39 min	60 min

Аккумулятор ең жоғары зарядтау жылдамдығымен толығымен зарядталады. Кестеден Power Boost арқылы зарядтау уақытының мәндерін қараңыз: (қараңыз „Зарядталу уақыты“, Бет 4)



Power Boost зарядтау режимінің индикаторы **(6)** жылдам зарядтау кезінде жанып тұрады.

Long Life зарядтау режимі



Аккумулятор төмен зарядтау жылдамдығымен толығымен зарядталады. Бұл аккумулятордың қызмет ету мерзіміне оң әсер етеді.

Long Life зарядтау режимінің индикаторы (5) зарядтау барысында жанып тұрады.

Қосымша индикация элементтерінің мағынасы

Заряд деңгейінің индикаторы



Зарядтау процесі заряд деңгейі индикаторының **жыпылықтауы** арқылы белгіленеді.

Аккумулятор толықтай зарядталған кезде, заряд деңгейі индикаторының (9) барлық жолақтары жасыл түспен үздіксіз жанып тұрады.

Күй индикаторы

Күй индикаторының жасыл түспен үздіксіз жануы



Күй индикаторының (3) жасыл түспен үздіксіз жануы ақаудың жоқтығын және зарядтағыш құрылғы пайдалануға дайын екендігін білдіреді. Аккумулятор зарядтау науасында (1) болса, күй индикаторының (3)

жасыл түспен үздіксіз жануы аккумулятордың зарядтағыш құрылғыда ақаусыз зарядталып жатқанын білдіреді.

Аккумулятор толық зарядталған кезде, күй индикаторы (3) әрі қарай жасыл түспен жанып тұрады.

Температураны бақылау күй индикаторының сары түспен үздіксіз жануы



Күй индикаторының (3) сары түспен үздіксіз жануы аккумулятор температурасының рұқсат етілген зарядтау температураларының диапазонынан тыс болғанын білдіреді (қараңыз „Зарядтау процесі“, Бет 3).

Рұқсат етілген зарядтау температураларының диапазонына жеткеннен кейін, зарядтау процесі іске қосылып, күй индикаторы жасыл түске ауысады.

Қате күй индикаторының қызыл түспен үздіксіз жануы/жыпылықтауы



Күй индикаторының (3) қызыл түспен үздіксіз жануы/жыпылықтауы аккумуляторда немесе зарядтағыш құрылғыда ақаудың орын алғанын білдіреді.

Аккумуляторды суыту (Active Air Cooling)

Зарядтағыш құрылғы қолданылатын аккумулятордың температурасын бақылайды. Қажет болса, аккумуляторды суыту үшін желдеткіштер қосылады.

Аккумуляторды суыту 3 қадамда орындалады:

- Алдын ала суыту
- Зарядтау процесінде суыту
- Кейінгі суыту



Зарядтағыш құрылғыда аккумуляторды суытудан бөлек жұмыс істейтін жеке суыту жүйесі бар.



Алдын ала суыту

Зарядтау процесі басталмас бұрын аккумулятор температурасы рұқсат етілген зарядтау температураларының диапазонынан (қараңыз „Зарядтау процесі“,

Бет 3) жоғары болса, аккумуляторды суыту үшін желдеткіштер іске қосылады.

Аккумулятор температурасы рұқсат етілген зарядтау температураларының диапазонына жеткеннен кейін, зарядтау процесі басталады.

Алдын ала суыту барысында аккумулятордың суытылуы келесідей көрсетіледі:

Active Air Cooling индикаторы (4) жасыл түспен, ал күй индикаторы (3) сары түспен жанады.



Зарядтау процесінде суыту

Егер зарядтағыш құрылғы зарядтау барысында аккумуляторды суытудың пайдалы екенін анықтаса, желдеткіштер іске қосылады.

Зарядтау барысында аккумулятордың суытылуы келесідей көрсетіледі:

Active Air Cooling индикаторы (4) және күй индикаторы (3) жасыл түспен жанады, ал заряд деңгейі индикаторының (9) жолақтары кезектесіп жасыл түспен жанады.



Кейінгі суыту

Егер зарядтағыш құрылғы зарядтау процесінен кейін аккумуляторды суытудың пайдалы екенін анықтаса, желдеткіштер іске қосылады.

Кейінгі суыту барысында аккумулятордың суытылуы келесідей көрсетіледі:

Active Air Cooling индикаторы (4) және күй индикаторы (3) жасыл түспен жанады, ал заряд деңгейі индикаторының (9) барлық жолақтары жасыл түспен жанады.

Пайдалану


- Зарядтағыш құрылғыда кез келген жұмыстарды өткізу алдында желілік ашаны розеткадан суырып шығарыңыз.

Зарядтағыш құрылғыны не тұрғызып (үстелде пайдалану), не қабырғаға іліп қойып пайдалануға болады.

L-BOXX қорабында пайдалану

- L-BOXX қорабының қақпағы толықтай ашық болуы керек. Сақтандырғыш ысырма L-BOXX қорабының қақпағына бекітілуі керек. Зарядтағыш құрылғының кабелі кабель шығысы арқылы L-BOXX қорабына өткізілуі керек.


i L-BOXX стандартты жеткізілім жиынтығына жатпайды.



Зарядтағыш құрылғыны монтаждау

Зарядтағыш құрылғыны L-BOXX қорабында пайдалану үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

- L-BOXX қорабының қақпағын, сақтандырғыш ысырма **(11)** тірелгенше толықтай ашыңыз. Сақтандырғыш ысырма **(11)** L-BOXX қақпағының кенет жабылып қалуына жол бермейді.
- Зарядтағыш құрылғының кабелін кабель шығысы **(12)** арқылы L-BOXX қорабына өткізіп, желілік ашаны розеткаға салыңыз.




L-BOXX қорабында тасымалдауға дайындау

L-BOXX қорабында пайдаланғаннан кейін және тасымалдау алдында төмендегі қадамдарды орындаңыз:

- Кабельдің желілік ашасын розеткадан суырып алыңыз.
- Зарядтағыш құрылғының кабелін кабель шығысынан **(12)** шығарып, оны L-BOXX қорабында қысылмайтындай етіп орналастырыңыз.
- L-BOXX қорабын жабу үшін сақтандырғыш ысырманы **(11)** сәл көтеріңіз. Осылайша құлыпты сақтандырғыш ысырма арқылы босатуға болады.
- L-BOXX қорабының қақпағын толықтай жабыңыз.

Қабырғаға бекіту



Қабырға ілгіші **(10)** арқылы қабырғаға бекіту үшін: **250 мм** арақашықтықта 2 саңылау жасаңыз. Бекіту үшін диаметрі 5 мм және ең көбі 6,5 мм аралығындағы домалақ басты бұрандаларды пайдаланыңыз.

Қабырғаға бекіту кезінде зарядтағыш құрылғының төменгі жағындағы көрсеткілер арқылы көрсетілген монтаждау

бағытын ескеріңіз. Аккумуляторларға арналған бағыттауыштар жоғары қарап тұрады.

Ақауларды жою

Аккумулятор зарядталмай жатыр

Аккумулятор зарядталмай жатыр және индикаторлар жанбай тұр

Себебі: зарядтағыш құрылғының желілік ашасы (дұрыс) салынбаған

Шешімі: желілік ашаны розеткаға (толықтай) салып қойыңыз.

Себебі: розетка, желілік кабель немесе зарядтағыш құрылғы бұзылған

Шешімі: желілік кабельді және желілік ашаны тексеріп шығыңыз. Қажет болса, зарядтағыш құрылғыны өкілетті қызмет көрсету орталығында тексертіңіз.

Аккумулятор зарядталмай жатыр және күй индикаторларының (3) екеуі де қызыл түспен жанып тұр

Себебі: зарядтағыш құрылғыда ішкі қате анықталды

Шешімі: желілік ашаны суырып, зарядтағыш құрылғының суып қалғанына көз жеткізіңіз. Желілік ашаны қайта салыңыз. Қажет болса, зарядтағыш құрылғыны өкілетті қызмет көрсету орталығында тексертіңіз.

Аккумулятор зарядталмай жатыр және күй индикаторы (3) қызыл түспен жанып тұр

Себебі: зарядтағыш құрылғы аккумуляторда қатені анықтады

Шешімі: аккумулятор толықтай және дұрыс салынғанына және аккумулятор және/немесе зарядтау түйіспелерінің таза болғанына көз жеткізіңіз. Желілік ашаны суырып, қайтадан салыңыз. Ақау қайтадан орын алса, аккумуляторды өкілетті қызмет көрсету орталығында тексертіңіз.

Себебі: аккумулятор ақаулы

Шешімі: аккумуляторды алмастырыңыз.

Аккумулятор зарядталмай жатыр және күй индикаторы (3) сары түспен жанып тұр

Себебі: аккумулятор температурасы рұқсат етілген зарядтау температураларының диапазонынан тыс

Шешімі: аккумулятор температурасы рұқсат етілген зарядтау температураларының диапазонынан жоғары

болса (қараңыз „Зарядтау процесі“, Бет 3), зарядтағыш құрылғының Active Air Cooling функциясы іске қосылып, аккумуляторды, оның температурасы рұқсат етілген зарядтау температураларының диапазонына қайта оралғанша суытады (қараңыз „Аккумуляторды суыту (Active Air Cooling)“, Бет 5).

Аккумулятор температурасы рұқсат етілген зарядтау температураларының диапазонынан төмен болса (қараңыз „Зарядтау процесі“, Бет 3), аккумулятор температурасы рұқсат етілген зарядтау температураларының диапазонына қайта оралғанша күтіңіз.

FAQ



Менің аккумуляторыма қай зарядтағыш құрылғы жарамды?

Барлық 18 В аккумуляторлар барлық Bosch Professional 18 В зарядтағыш құрылғыларымен және AMPShare серіктесінің барлық 18 В зарядтағыш құрылғыларымен үйлесімді.

Кәсіпқой пайдаланушы үшін зарядтағыш құрылғыны зарядтау уақыты 1 сағаттан кем құрайтын аккумулятормен бірге пайдалануға кеңес береміз.

Зарядтау уақытының барлық мәндерін онлайн пайдалану бойынша нұсқаулықтан немесе Bosch Professional веб-сайтынан қарауға болады.



Аккумуляторды зарядтау уақыты қандай?

Аккумуляторды зарядтау уақыты 2 факторға байланысты:

- Аккумулятор түрі мен сыйымдылығы
- Зарядталу жылдамдығы

Барлық зарядтау уақытын онлайн пайдалану бойынша нұсқаулықтан Зарядталу уақыты немесе Bosch Professional веб-сайтынан табуға болады.



Аккумуляторларды толық зарядталғаннан кейін зарядтау құрылғысында қалдыруға бола ма?

Аккумулятор толығымен зарядталған бойда және зарядтау құрылғысы мұны көрсеткен сәтте, зарядтау процесі аяқталады.

Аккумулятор зарядтау құрылғысында қалуы мүмкін, бірақ оны зарядтау құрылғысында ұзақ уақыт сақтау ұсынылмайды.



Аккумуляторды қандай

температурада зарядтау, пайдалану және сақтау керек?

- Пайдалану және сақтау кезінде қоршаған орта температурасының рұқсат етілген ауқымы –20°C және 50°C аралығын құрайды.
- Зарядтау кезінде ұсынылатын қоршаған орта температурасы 0°C және 35°C аралығын құрайды.
- Аккумулятордың оңтайлы қызмет ету мерзімі үшін аккумуляторды 0°C және 20°C аралығындағы температурада сақтау ұсынылады.



Ұзақ сақтау мерзімі үшін қандай

аккумулятор заряды оңтайлы?

Ұзақ уақыт сақтау үшін 30–50% заряд деңгейі өте қолайлы.



Bosch Professional аккумуляторлары

басқа брендтермен үйлесімді ме?

Барлық 18 В Bosch Professional аккумуляторы келесі өнімдермен үйлесімді:

- Bosch Professional 18 В жүйелерінің барлық өнімдері
- AMPShare серіктестерінің барлық өнімдері



Ұзақ қызмет ету мерзімі үшін қандай

заряд деңгейі оңтайлы?

Ұзақ қызмет ету мерзімі үшін 80% шамасындағы заряд деңгейі мінсіз болып табылады.



Зарядтағыш құрылғының зарядтау

жылдамдығын реттей аламын ба?

зарядтағыш құрылғысы пайдаланылса, зарядтау жылдамдығын қажеттіліктеріңізге сәйкес реттеуге болады. зарядтағыш құрылғысында аккумуляторларды қайталама пайдалану үшін оңтайландырылған 3 зарядтау режимі бар:

- Стандартты зарядтау жылдамдығымен стандартты зарядтау режимі: стандартты зарядтау режимі зауытта алдын ала орнатылады (қараңыз „Стандартты зарядтау режимі“, Бет 4).
- Power Boost зарядтау режимі: Power Boost зарядтау режимін зарядтағыш құрылғыда MODE түймесі арқылы іске қосуға болады (қараңыз „Power Boost зарядтау режимі“, Бет 4).
- Long Life зарядтау режимі: Long Life зарядтау режимін зарядтағыш құрылғыда MODE түймесі арқылы іске қосуға болады (қараңыз „Long Life зарядтау режимі“, Бет 4).

Техникалық күтім және қызмет

Қызмет көрсету және тазалау

Егер байланыс сымын алмастыру қажет болса, қауіпсіздіктің төмендеуіне жол бермеу үшін осы жұмыс тек **Bosch** компаниясы немесе **Bosch** электр құралдары бойынша өкілетті қызмет көрсету орталықтарында жүргізілуі тиіс.

Тұтынушыға қызмет көрсету және пайдалану кеңестері

Қазақстан

Тұтынушыларға кеңес беру және шағымдарды қабылдау орталығы:

Роберт Бош (Robert Bosch) ЖШС

050012 Алматы қ.,

Қазақстан Республикасы

Мұратбаев к-сі, 180

"Гермес" БО, 7 қабат

Тел.: +7 (727) 331 86 00

Тел.: 8 8000 700 270

Сұрақтар қою және қосалқы бөлшектерге тапсырыс беру кезінде міндетті түрде өнімнің фирмалық тақтайшасындағы 10 таңбалы өнім нөмірін беріңіз.

Кәдеге жарату

Зарядтау құралын, оның жабдықтары мен қаптамасын қоршаған ортаны қорғайтын кәдеге жарату орнына тапсыру қажет.



Зарядтау құралын үй қоқысына тастамаңыз!

Тек қана ЕО елдері үшін:

Пайдалануға әрі қарай жарамайтын электрлік және электрондық құрылғыларды бөлек жинау және қоршаған орта үшін қауіпсіз жолмен кәдеге жарату керек. Белгіленген қоқыс жинау жүйелерін пайдаланыңыз. Қате жолмен кәдеге жарату құрылғы құрамындағы қауіпті болуы мүмкін заттектерге байланысты қоршаған орта мен денсаулық үшін қауіпті болуы мүмкін.